БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 177 (9239) | 1953 жылғы 4 сентябрь Жұма | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Астық қырмандарында еңбек ұйымдастыру ісін жақсартып, оларда астықтың дереу тазартылуына, оның мемлекет қоймаларына тоқтаусыз жөнелтілуіне, сөйтіп, қысқа мерзімде мемлекетке астық тапсыру жоспарының әрбір колхоз бен совхоз бойынша толық және артығымен орындалуына жетісейік. Егіншілердің бүгін таңдағы ең жауапты және аса құрметті міндеті міне осы.

Қырмандарда еңбек дұрыс ұйымдастырылсын

Социалистік ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдында тұрған кәзіргі аса жауапты міндеттердің бірі —егін жыйнау құрқынын еселеп арттыра отырып, мемлекет алдындағы бірінші парыз —астық тапсыру графигін әрбір бес күн сайын мүлтіксіз орындап отыру. Бірақ, облыстың кептеген колхоздары мен совхоздарында бұл міндеттер әлі күнге тиісті дәрежеде орындалмай келеді. Соның салдарынан 1 сентябрьге дейін облыстың колхоздары бойынша мемлекетке астық тапсыру жоспары 37,1 процент ғана орындалды. Әрине, бұл қарқын өте-мөте баяу.

Мемлекетке астық тапсырудың қызу қарқынмен жүргізілуі, бұл жөніндегі бескүндік тапсырмалардың қалтқысыз орындалып отыруы, көбінесе, колхоздар мен совхоздардың қырмандарында еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. Демек, еңбекті дұрыс ұйымдастыру —табыс кілті. Алайда, жекелеген колхоздар мен МТС және совхоздардың басшылары бұл жұмысқа жете назар аудармай келеді.

Зайсан ауданының Аманкелді атындағы колхозында мемлекетке астық тапсыру графигі әрбір бес күн сайын орындалмай жүр. Оның себебі: бұл колхоздың қырмандарында еңбек дұрыс ұйымдастырылмаған. Колхозшылар жұмысқа кеш шығады да, оны ерте аяқтайды. Оның үстіне колхозшыларға күнделік істейтін жұмыстары күнілгері айтылып отырылмайды, сонымен колхозшылар жұмысқа келгенде «мен қандай жұмыс істеймін» деп, егіс бригадасының бригадирінен, немесе, қырман меңгерушісінен орындайтын жұмыстарын сұраумен күн өткізеді.

Бұл колхоздың қырмандарындағы астық тазалайтын машиналардың қуаты толық пайдаланылмайды. № 2 егіс бригадасында бар болғаны жалғыз астық пульті бар. Оның өзі де бірде жұмысқа қосылып, бірде қосылмайды. Колхоз басшылары «жел сіз күні (мұнымен астық тазартуға болмайды» деп, кейде оны мүлдем тоқтатып қояды. Осы сыяқты жағдайдың салдарынан № 2 егіс бригадасының қырманында жүздеген центнер астық тазартылмай, мемлекет қоймаларына тапсырылмай жатыр.

Октябрь ауданының «Балуан» колхозында істің жайы бұдан да нашар. Бұл колхоздың Қалиев жолдас меңгерушілік істейтін қырманында 2 мың центнерқаны басталғалы мемлекетке астық тапсыру жоспары бірде-бір рет орындаған емес.

Қырмандарда еңбектің нашар ұйымдастырылу фактілері Совет ауданының колхоздарында да бар. Бұл ауданның «Красное поле» және «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында жүздеген центнер астық тазартылмай, ашық қырмандарда тау-төбе болып үйілп жатыр. Солай бола тұрса да, колхоз басшылары ол астықты кезінде тазарттырып, оны колхоз және мемлекет қоймаларына тапсырумен шұғылданбай отыр.

Бұл колхоздардың басшылары «бізде адам күші жеткіліксіз» дегенді айтады. Бұл мүлдем дұрыс емес. Колхозда адам күші жеткілікті, бірақ, колхоз басшылары ол күшті пайдалана білмейді. «Красное поле» колхозында 38 колхозшы әйел еңбеккүн минимумын таппаған. Ал, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 42 колхозшы әйел еңбеккүн минимумын талпай отыр. Бұған ол әйелдер кінәлі деп айта алмаймыз. Әйелдердің колхоз өндірісіне қатысуына, олардың шаруашылықтың бір саласында жұмыс істеуіне жағдай жасалмаған. Екі колхозда да балалар алаңы жоқ. Сондықтан жас балалы әйелдер еңбеккө қатыса алмай келеді. Колхоз басшылары оларды еңбекке қатыстыру қамын күні бүгінге дейін ойламай отыр.

Астық қырмандарында еңбекті дұрыс ұйымдастыру, оларда еңбек өнімділігін еселеп арттыру, егіншілер арасында социалистік жарысты кеңінен өрістету бастауыш партия ұйымдарының негізгі міндетінен саналады. Сондықтан бастауыш партия ұйымдары қырмандарда, егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын күшейте отырып, еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына нақтылы басшылық ете білулері керек. Олар әрбір егіншінің социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерінің орындалуын үнемі бақылап, жарыста озып шыққан ұзаттардың іс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыра білулері қажет.

Астық қырмандарының меңгерушілеріне зор міндет жүктеледі. Қырман меңгерушілері астықтың қырмандарда үйіліп жатып қалмауы, оның кезінде тазартылмай, бүлінін кетпеуі және ысырапқа ұшырамауы үшін комбайндардан алынған астықты дереу тазартып, жеңдетіп, кептіріп, мем-

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. МАЛЕНКОВ жолдасқа ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. МОЛОТОВ жолдасқа

МОСКВА

Жапонияға қарсылық көрсету соғысындағы жеңістің 8 жылдығы құрметіне біз қытай халқы, Қытайдың халық-азаттық армиясы атынан совет халқына, советтік қарулы күштерге жалынды сәлем жолдаймыз.

Жапон империализмінің агрессиясына қарсы ауыр соғыс жылдарында, сайып келгенде жапон империализмін талқандауға жеткізген күресте қытай халқы әуелі бастан және ақырына дейін совет халқының қолдауына және көмегіне сүйеніп келді. Мұның өзі 1945 жылы, Советтік қарулы күштер соғысқа қатысып, қытай халқымен бірге жауға қарсы соғысқан кезде, ерекше көрінді. Мұның нәтижесінде жапон империализмі талқандалып, түпкілікті жеңіс қамтамасыз етілді.

Қытай Халық Республикасының құрылуынан бастап және достық, одақ, өзара көмек туралы қытай-совет договоры жасалуынан кейін Қытай мен Совет Одағы арасындағы мызғымас достық нығая берді және күн санап нығайып, өркендеуде. Бұл ұлы достық кәзір Қыйыр Шығыстағы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің берік кепіліне айналды.

Біз бұл жерде, Совет Одағының Қытай халқына көрсетіп отырған туысқандық көмегі Қытайдың экономикасын тез қалпына келтіру және оны жоспарлы құрылыс жолымен өркендету ісінде маңызды фактор болып табылатынын қоса айтқымыз келеді.

Жақын арада Кореядағы уақытша бітім туралы келісімге қол қойылуы бейбітшілік пен демократияның бүкіл лагерінін бейбітшілікті қамтамасыз етуге және жаңа соғысты болдырмауға бағытталған қыймылындағы жаңа ұлы табыс болып табылады. Бұл ұлы табыс бүкіл халықаралық жағдайдағы шиеленіскендіктің байқала бастаған бәсеңдеуіне көмектесті; мұнымен бірге ол, Жапонияның империалистік агрессиясының қайта туғызылуына жол берілмеу үшін Қыйыр Шығыс елдерімен дұрыс қатынас орнатуды талап етіп отырған жапон халқының қыймылына көмектеседі.

Қыйыр Шығыста және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғаудың әділетті ісінде Қытай мен Совет Одағы арасындағы мәңгілік ынтымақ жасасын!

Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметінің Председателі МАО ЦЗЭ-ДУН.
Қытай Халық Республикасының мемлекеттік әкімшілік Советінің Премьері және Орталық Халық Үкметінің Сыртқы Істер Министрі ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ.

2 сентябрь, 1953 жыл.

Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметінің Председателі МАО ЦЗЭ-ДУН жолдасқа Қытай Халық Республикасының мемлекеттік әкімшілік Советінің Премьері және Орталық Халық Үкметінің Сыртқы Істер Министрі ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ жолдасқа

ПЕКИН ҚАЛАСЫ

Жапон империализмін жеңудің 8 жылдығы құрметіне Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметін, Қытайдың Қарулы Күштерін және ұлы қытай халқын құттықтаймыз.

Қытай мен Совет Одағы халықтарының өздерінің одақтастарымен бірге жасаған жанқыярлық қыймылдары бүкіл жеңісті қамтамасыз етіп, Қыйыр Шығыста бейбітшілік орнатуға мүмкіншілік туғызды. Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы халықтарының ұлы одағы және туысқандық достығы келешекте де Қыйыр Шығыста бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз етуге және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуға сенімді негіз болатындығына сенім білдіреміз.

Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағының мызғымас ұлы достығы жасасын!

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. МАЛЕНКОВ.
ССРО Сыртқы Істер Министрі В. МОЛОТОВ.

2 сентябрь, 1953 жыл.

Облысымыздың егін даласында

ҚЫРМАНДАҒЫ ЕҢБЕК

Ұзынкөл астық совхозының № 2 бөлімшесінде егін жыйнау және астық дайындау жұмыстары үлгілі ұйымдастырылған. Әсресе, комбайншылар өздерінің агрегаттарына техникалық күтімді жақсартып, олардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуде. Мысалы, комбайншылар Чупрасов және Өмірзақов жолдастар комбайндардың тәулігіне 18 сағат жұмыс істеуін қамтамасыз етіп жүр. Осының нәтижесінде олар күндік тапсырмаларын 200 процентке дейін орындап отырады.

Совхоз шоферлары да өз жұмыстарына жауаптылықпен қарап, комбайндардан астық қабылдауда аянбай еңбек етуде. Шоферлар Сыздықов, Фидунин және Дерингжолдастардың өздерінің өнімді еңбектерімен комбайншылардың егінді тоқтаусыз жыйнап, табысқа жетуіне үлкен көмек көрсетуде.

Бөлімше коллективі бастырылған астықты тазартып, қабылдау пункттеріне жөнелту жұмыстарын да үлгілі ұйымдастырып отыр. Бөлімшенің қырмандарында астық тазалау және оны тасу жұмыстары механикаланды.

Астық тазартатын машиналар электр күшімен жұмыс істейді. А. Правец жолдас астық пультімен күніне 700 центнерге дейін астық тазартады. Бөлімшенің қырмандарында 3 астық пульті және 2 веялка күні- түні бірдей жұмыс істейді.

Қырманда автомашиналарға астық механика күшімен тиеледі. Мұның өзі автомашиналар мен астықтың көп тасылуына мүмкіндік беруде. Мұнда 6 автомашинамен қабылдау пункттеріне тәулігіне 1500 центнерге дейін астық жөнелтіледі.

Жұмысшылардың осындай қажырлы еңбегі бөлімшеде егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жөніндегі бескүндік графиктердің үнемі артығымен орындалуын қамтамасыз етіп отыр.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Алдыңғы қатарлы комбайншылар

Жүкен Смағұлов жолдас көптен бері Семиполка МТС-інде комбайншы болып жұмыс істейді. Ол өзінің қажырлы еңбегі нәтижесінде жыл сайын үздік табыстарға ие болуда. Өткен жылғы егін оратында тіркеудегі бір «Сталинец—6» комбайнымен 704 гектар егін жыйнады. Оның үстіне 693 килограмм жанар, жағар майын үнемдеді.

Қоғамдық малға жиылы қора, мол жемшөп өзірлейік

☆ ☆ ☆

Жауапсыздықтың салдары

Преснов ауданы Калинин атындағы колхоздық басшылары (председатели Құсайынов жолдас) шөп шабуға қолда бар күш-мүмкіншілікті жұмылдырмай, пішен дайындаудың ең қолайлы мерзімін босқа өткізіп алды. Кәзір колхоз шөп шабу жөнінде тәзгісіз артта қалып отыр. Шөптің шабылуы сыяқты оның жыйналуы шабан жүргізілуде. Шабылған барлық шөптің 35 процентіне жуығы жыйналмай азықтық сапасын жойып, текке ысырап болуда.

Бұл сыяқты қынжыларлық жағдайдың себебін табу қыйын емес. Колхоз председатели Құсайынов жолдас жауапсыздыққа салынып, жемшөп дайындауда еңбекті дұрыс ұйымдастырмады. Соның салдарынан қолда бар күш іске нашар пайдаланылды. Әсресе, шөп машиналары жұмысқа қосылмай, көбінесе босқа қарап тұрды. Сонымен бірге пішенші колхозшылар арасында социалистік жарыс, үгіт-бұқаралық жұмыс кең өрістетілмеді. Колхозшылар жұмысқа кеш барып, ерте қайтып жүрді. Бригада басында көшпілік тамақтандыру ісінің ұйымдастырылмауы себепті пішеншілер көбінесе үйлеріне келіп тамақтанатын болды.

Еңбекке жарамды колхозшылардың төрттен бірі жұмысқа тартылмаған. Кәзір мұнда осы күнге дейін 30-дан астам колхозшы бірде-бір еңбеккүн таппаған. Оларға ауылшаруашылық артелінің үлгілі Уставы бойынша шара қолданып, тәртіпке шақырған адам болмады.

Бұл жағдай аудан басшыларына әбден белгілі. Алайда, олар колхоздағы мұндай кемшіліктерді жою жөнінде әлі күнге дейін ешбір шаралар қолданбай отыр. Олар колхоздың жұмысы жайынан күнде-күнде мәлімет алумен ғана тынады. Мұны пайдаланған Құсайынов шаруашылыққа нақтылы басшылық жасамай, өз жайымен жүр.

Қ. БЕЙСЕНБИН.

25 ҚҰЛЫН АЛДЫ

Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында Қ. Жұнысбаев соңғы жылдары үздіксіз жылқы бағып жүр. Ол быйыл өзінің қажырлы еңбегі арқасында 25 биеден 25 құлын алды. Бұл күндері құлындардың барлығы шығынсыз өсірілуде.

Қ. СЫРЛЫБАЕВ.

МАЛ ҚОРАЛАРЫ ӘЗІР

Ленин ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында быйыл жаңадан ірі қарамал тұратын бір қора салынды. Колхозшылар бұрынғы мал қораларын сапалы жөндеп болды. Кәзір олар мал қоралары жанына жемшөп тасу жұмысын қызу жүргізуде.

Р. ЖҰСЫПОВ.

Нәтижелі еңбек

Жылқышы М. Қасенов жолдастың әңгімесі

—Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозында жылқышы болып істегеніме, —деп бастайды әңгімесін Мұқатай Қасенов жолдас, —быйыл тоғызыншы жыл. Мен жылқыны 1944 жылдан бері бага бастадым. Бұл жылы жұмыс істегенде колхозда 15 ғана жылқы бар еді. Бірінші күннен-ақ жақсы колхоз жылқысының санын көбейтуді өзімнің негізгі міндетім деп санадым. Жыл бойы өнімді еңбек етіп бірде-бір жылқының шығын болуына жол бергем жоқ. Сөйтіп, жылқы өсірудің белгіленген жоспарын жылма- жыл толық орындап отырдым.

1952 жылы колхозда құлынды биенің саны—20-ға, ал, жылқының жалпы саны —97-ге жетті. Бұл кезде колхоз басқармасы жылқы фермасын басқаруға коммунист М. Сыздықова жолдасты белгіледі. Осы жылдан бастап ферманың жұмысы шын мәнінде жақсара түсті. Біздің еңбегіміз де бұрынғыдан да табысты болып бастады. Мен быйыл айтарлықтай табысқа жетіп отырмын. Үстіміздегі жылы қарамағымдағы биеден 27 құлын алып, оны шығынсыз өсірудемін. Кәзір фермада жылқы саны —121-ге жетті. Сонымен 9 жылдың ішінде колхозда жылқы саны 8 есе көбейді.

Колхоз басқармасы менің жылқы өсірудегі еңбегімді үнемі бағалап, маған жыл сайын ақшадай және заттай сыйлықтар беріп тұрады. Осы жылдарда маған қосымша еңбекақыға 3 құлын, 2 бұзау, ондаған центнер астық сыйға берілді. Өткен жылы жылқы өсіру жоспарын артығымен орындағаным үшін облыстық Советтен 750 сом сыйлық алдым.

Жылқы өсіруде мұндай табыстарға қалай жеттім? Енді соны айтайын.

Жылқышылардың ең негізгі міндеттерінің бірі —жылқыларды малдәрігерлік-зоотехникалық ережелерге сай бағып, күту болып табылатыны мәлім. Еңалдымен мал мамандарымен бірлесе отырып, жылқылар бағылатын жазғы- қысқы жайылымдарды белгілеп алаңын да оларды дұрыс пайдаланамын. Бұл жайылымдарда басқа малдың бағылуына жол бермеймін.

Мен әсресе, биелерді шағылыстыру және құлын алу маусымдарына тыңғылықты әзірленемін. Бұл кезде биелердің қоңының жақсы болуына жете көңіл бөлінеді. Қоңы төмен биелерді күні бұрын қолда бағып, оларды құнарлы шөппен және концентратпен азықтандырамын.

Биелердің құлындауына бір ай уақыт қалғанда олар арнаулы қораларда күтіледі. Іші биелер уақытылы азықтандырылып суарылады.

Биелер құлындаған соң құлыны әбден шыраңанға дейін қорада бөлек -бөлек күтіледі. Осыдан кейін ғана биелер құлыны мен жазғы жайылымдарға шығарылады.

—Еңбекті шын ықласпен сүйіп істесең, —дейді жылқышы,— табыстан- табысқа жетесің. Жылқыны өсірудің үстіміздегі жылғы жоспары колхозда кәзірдің өзінде 114 процент орындалды.

Жылқыларды малдәрігерлік зоотехникалық ережелерге сәйкес күте білу — колхозда жылқы шаруашылығын онан сайын өркендетуге зор мүмкіншіліктер туғызады. Жылқыны жылма- жыл көптеп өсіріп, туған колхозымызды ұйымдық- шаруашылық жағынан нығайта беру ісіне өз үлесімді қосамын, туысқан партиямыз бен үкметіміздің біздердің, колхозшы шаруалардың тұрмыс және мәдени дәрежесін онан сайын жақсарта беру жөнінде көрсетіп отырған зор қамқорлығына еңбекті бұрынғыдан да өнімді істеумен жауап беремін, —деп Қасенов жолдас өзінің әңгімесін аяқтады.

Т. ЗОЛОТИЛИНА,

КЕМШІЛІКТЕР ҚАЙТАЛАНУДА

Қоғамдық мал үшін берік жемшөп қорын жасау ісінде Калинин атындағы (Ленин ауданы) ауылшаруашылық артелінде өткен жылы елеулі кемшіліктерге жол берілді. Шөп деркезінде шабылмай, оны жыйнау, маяға салу, тасып алу ісі де қанағаттанғысыз жүргізілін, бұл жөніндегі жоспар орындалмады. Жемшөптің таппшылығынан мал шығыны болды.

Колхоз басшылары осы кемшіліктерден быйыл тиісті қорытынды шығаруға міндетті еді. Колхозда жемшөптің біржарым, екіжылдық қорын жасауға мүмкіншілік те жеткілікті. Бірақ, істің барысы бұған керісінше болып отыр. Колхозда жемшөп дайындаудың кәзіргі қарқыны мүлде баяу. Мұнда жемшөп қорын дайындау жөніндегі жоспардың жартысы да орындалған жоқ.

Шөп шабуда техника күші толық пайдаланылмайды. Науқан басталғаннан бері тракторлар мен шөп шабатын және жыйнайтын машиналар болмашы себептермен кептеген қымбатты күндерді босқа өткізді. Трактор бригадасының бригадирі Бейсеновтың іске салақ қарауының салдарынан 150 гектар жердің шабылған шөбі деркезінде жыйналмағандықтан шіріп бүлінді.

Бұл жағдайдың бәрі Образцовая МТС-нің басшыларына (директоры Корнев жолдасқа) әбден белгілі. Алайда, олар жемшөп дайындауда колхозға МТС-тің нақтылы көмек көрсетуін қамтамасыз етпей келеді.

Бұл сыяқты кемшіліктерге төзуге болмайды. Кәзір жемшөп дайындаудың қолайлы мерзімі өтіп бара жатыр. Сондықтан колхоз басшылары қоғамдық малға жемшөптің мол дайындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Е. ӘУБӘКІРОВ.

Смағұлов жолдас быйыл жыйырма жұмыс күні ішінде 450 гектар егін жыйнап, 9000 центнер астық бастыруға және 1000 килограмм жанар майын үнемдеуге серт берді. Кәзір ол алған міндеттемесін аброймен орындауда. Комбайншы егін жыйнаудың алғашқы күнінен бастап Жамбыл атындағы колхозда күн сайын 20 гектардан егін жыйнап, 400 центнерден астық бастыруға жетісуде. Смағұлов жолдастың алған міндеттемесін аброймен орындап шығатындығы сөзсіз.

Осы сыяқты, комбайншылар Қ. Құсайынов, К. Пустьян жолдастар да әрбір «Сталинец—6» комбайнымен бір күнде 12 гектар орнына 16-18 гектардан егін жыйнап, зор табысқа ие болуда. Комбайншылардың қайсысы болса да комбайндарын техникалық жақсы күтімде ұстайды. Мұның өзі олардың еменалық, күндік тапсырмаларын асыра орындауларына мүмкіншілік туғызуда.

Ғ. МҰҚАНОВ,
Семиполка МТС-і директорының саяси жұмыс жеңіндегі орынбасары.

Қарқынды еңбек

Шағлы астық совхозының коллективі быйыл бітік егін өсірді. Совхоз механизаторлары егінді қыска мерзімде ысырапсыз жыйнап алу жолында аянбай еңбек етіп келеді. Комбайншылардың өзара социалистік жарысында комбайншы Тупейко жолдас өзінің өнімді еңбегімен үздік шықты. Одан комбайншы Потапов жолдас та қалысатын емес. Бұлар күндік нормаларын ұдайы артығымен орындап жүр.

Комбайндардан астық қабылдауда шоферлар Осьмаков, Грабов, Забабанов жолдастар қажырлы еңбек етуде. Олар астықты тез тасып әздері қамтыйтын комбайн агрегаттарының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп жүр.

В. ЛИЗУН.

Алғашқы аванс

Сталин атындағы колхоздың (Преснов ауданы) колхозшылары егін жыйнау мен астық дайындауды табысты жүргізіп келеді. Колхозшылар жұмысты күн сайын өнімді істеп, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап шыққан болатын. Жұырда мұнда колхозшыларға алғашқы аванс берілді. Олар алғашқы аванстың өзінде көп астық алды. Мәселен, еңбеккүні көп колхозшылар Бекіжанов 55 пут, Қараганова 40 пут, астық алды.

Колхозшылардың еңбеккүндеріне барлығы 470 центнер астық берілді.

А. РАХМЕТОВ.

Озат егіншілер

Преснов ауданындағы Калинин атындағы колхоздың колхозшылары М. Салықов, Қ. Алпысбаев, С. Алдабергенов және Бірімжанов жолдастар астық тазалауда қажырлы еңбек етуде. Олар астық тазартуда күндік нормаларын үнемі артығымен орындап жүр.

Партия ұйымы бұлар сыяқты озаттардың тәжрибелерін кеңінен насихаттауда. Бұл іске үгітшілер белсене қатысады.

Е. ЖУМИН.

Қазақ ССР Министрлер Советінде

Еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің республикалық социалистік жарысының 1953 жылдың бірінші жартысындағы қорытындылары туралы

Қазақ ССР Министрлер Советі еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің республикалық социалистік жарысының 1953 жылдың бірінші жартысының қорытындылары жөніндегі материалдарды қарады.

Еңбекшілер депутаттарының 29 ауылдық, селолық және поселкелік Советтері Қазақ ССР Министрлер Советінің Қызыл Тулары мен ақшалай сыйлықтарын алуға кандидат болады деп таныды.

Қызыл Тулар мен ақшалай сыйлықтарды алуға кандидаттардың ішінде мыналар бар: Алматы облысы, Алматы ауданының Жаңа- Алматинка және Белбұлақ селолық Советтері, Жамбыл ауданының Дегерес селолық Советі; Ақтөбе облысы, ферросплав заводы жанындағы поселкелік Совет, Жұрын ауданының Егіндібұлақ селолық Советі, Ойыл ауданының Қызылқорған селолық Советі; Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданының Шыңғыстау селолық Советі; Гурьев облысы, Ново-богат ауданының Ново-богат селолық Советі; Қарағанды облысы, Осакаров ауданының Осакаровка селолық Советі; Қызылорда облысы, Арал ауданының Аманөткел және Авзянь селолық Советтері, Шиелі ауданының Ақмойын селолық Советі; Көкшетау облысы, Келлер ауданының Леонидов және Краснокаменск селолық Советтері; Қостанай, облысы, Аманкелді ауданының Еңбекші селолық Советі, Жетіқара ауданының Бозбие селолық Советі, Семиозер ауданының Сулыкөл поселкелік Советі, Қарабалық ауданының «Комсомолец» поселкелік Советі; Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданының Чистов селолық Советі, Преснов ауданының Приешім селолық Советі; Талдықорған облысы, Киров ауданының Киров және Айнабұлақ селолық Советтері, Ақсу ауданының Қарашілік селолық Советі, Талдықорған ауданының Шубар селолық Советі, 28 гвардияшылар атындағы ауданның Көксу селолық Советі, Капал ауданының Конезавод селолық Советі; Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданының Аманкелді және Молотов селолық Советтері, Сарыағаш ауданының Шеңгелді селолық Советі.

Қазақ ССР Министрлер Советі облыстық атқару комитеттерін аудандық, ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің атқару комитеттерінің жұмысында жарыстың қорытындысын шығару кезінде ашылған кемшіліктерді жоюға, 1953 жылдың екінші жартысында әрбір ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің социалистік жарыстағы барлық міндеттемелерін орындауға қажетті шаралар қолданып, барлық ауылшаруашылық дақылдарын кезінде және ысырапсыз жыйнап алуға, егіншілік пен мал шаруашылығының өнімдерін (мемлекетке тапсыру жоспарларын мерзімінен бұрын орындауға, колхоздар мен совхоздарды мал қыстатуға әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жемшөп дайындауды, мал қораларын (жөндеуді және жаңадан салуды, тағы басқаларын) аяқтауға, зябь жырту жоспарларын орындауға, ақша қаражатын жыйнауға және барлық мектеп пен ауруханаларды қыска жететін отынмен қамтамасыз етуге ерекше назар аударуға міндеттеді.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Ленин ауданындағылар саяси жұмысты жете бағаламайды

Бұл күндері Ленин ауданының колхоздары мен совхоздары егін орағының өте қауырт кезеңінде. Егіс бригадалары мен комбайн агрегаттарында, астық қырмандарында және басқа жұмыс учсктоктерінде қайнаған еңбек. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбекке деген ынтасы қандай болса, олардың рухани тілектері де сондай өскелең. Бұл совет адамдарының игі қасиеті. Олар үзіліс кезінде үгітшілердің әңгімесін, радио хабарларын, саяси тақырыптардағы баяндамаларды, лекцияларды тыңдап, концерттерді, кинофильмдерді көргісі келеді. Ал, ауданның партия ұйымы бұл тілекті қалай орындап отыр? Егіншілер арасындағы саяси жұмыстың жайы қалай? Міне, осыған тоқталайық.

Біз ауданның көптеген колхоздары мен МТС-терінде болдық. Дұрысын айту керек. Бірқатар бастауыш партия ұйымдары егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру кезіндегі үгіт-бұқаралық жұмысты бағалаяйды. Сейтіп, олар саяси жұмыс шаруашылық табыстың негізі екенін ұмытып отыр. Мұны Аманкелді атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымының жұмысынан айқын көруге болады.

Колхозда 16 үгітші бар. Олардың жұмысына партия ұйымы, оның секретары Ж. Жақыпов жолдас көңілтеспейді. Үгітшілердің кенесі болмағалы айдан астам уақыт өткен. Егіс бригадаларына бөлінген үгітшілер астық қырмандары мен комбайн агрегаттарында, дала қоймаларында болмайды. Мәселен, үгітші коммунист Сейітбаев егін орағы басталғалы № 2 бригаданың астық қырманында небары бір-ақ рет болған.

ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарлары мен ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзі жөнінде үгітшілер егіншілер арасында бірлі-жарым әңгіме өткізумен ғана тынған. Газет, журналдар мәдениет қоймалары мен трактор отрядтарына уақытында жеткізілін тұрмайды. Саяси, шаруашылық тақырыптарда және халықаралық жағдай туралы лекциялар оқылып, баяндамалар жасалмайды.

«Еңбек» колхозында да істің жайы осындай. Бастауыш партия ұйымының секретары З. Ыбраева жолдас колхозшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстың жайы қалай деген сұраққа, ол: «үгітшілер құрамын мұғалімдерден іріктеп алған едік. Бірақ, олар демалыста жүр, енді жұмысты жақсарта алмай жатырмыз, қайтейік», — деп дәрменсіздікке салынады. Ауылда мұғалімдерден басқа үгіт жұмысын жүргізу қолынан келетін көптеген коммунистер мен партияда жоқ интеллигентпер бар. Бірақ, не пайда, Ыбраева жолдас бұл күшті саяси жұмысқа пайдалануды естен шығарған.

Колхозшылар мен механизаторлар арасында социалистік жарыс формальді түрде ұйымдастырылған. Бригадалар мен жеке [illegible] тарының орынбасары Купин жолдас соңғы біржарым айдан бері ұйымның жұмысынан қол үзген.

—Бізде арнаулы секретарь жоқ. Купин жолдас Сталин атындағы колхоздың № 5 бригадасында егін орып жүр. Партия ұйымы секретарының міндетін өзірше мен атқарып жүрмін,—дейді МТС директоры Батукин жолдас. Бірақ, оның партиялық жұмыспен шұғылданғаны мүлде байқалмайды.

Партия ұйымы МТС жұмысшылары арасында ешқандай тәрбие жұмысын жүргізбейді. Оның тарапынан МТС механизаторларына басшылық жоқтың қасы. Купин мен Батукин жолдастар механизаторлар арасында қанша үгітші бар екенін, олардың қандай тақырыптарда әңгіме өткізіп жүргенін де білмейді.

Батукин жолдас: «Жауынгерлік листоктің» көлемі шағын. Сондықтан оның бетінде механизаторлардың жұмыс тәжрибелерін жазып отыруға мүмкіндік жоқ. Сол себепті озат механизаторлардың тәжрибелерін механиктер арқылы ауызша таратып жүрміз» дегенді айтып, кемшіліктің бетін бүркемек болады.

Үгіт-бұқаралық жұмыстың өз дәрежесінде жүргізілмеуі шаруашылық міндеттерді орындауға керісінше әсерін тигізуде. Аманкелді атындағы, «Еңбек» колхозында мемлекетке астық тапсыру жоспарының бесқүндік графиті үнемі орындалмай келеді. Егін орағының барысы да мәз емес. Бастауыш партия ұйымдары колхозшылар арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, оларды егін орағы мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының жоспарын мерзімінде орындауға белсендіре жұмылдыра алмай келеді.

Аудан колхоздары мен МТС-терінде үгіт-бұқаралық жұмыстың дәрежесі қанағаттанғысыз екені ККП аудандық комитетіне көптен мәлім. Ол өзінің бюро мәжілісінде егіншілер арасындағы саяси жұмыстың жайын жақсарту жөнінде арнаулы мәселелер қарап, жан-жақсы қаулы да қабылдады. Бірақ, аудандық партия комитеті ол қаулының жергілікті жерлерде орындалуын ұйымдастырып, оған бақылау жасай алмай отыр.

Аудандық партия комитетінің қызметкерлері колхоздарда болғанда саяси жұмысты жақсартумен шұғылданбайды, бастауыш партия ұйымдарына бұл жөнінде қажетті көмек көрсетпейді. Жақында ККП аудандық комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі Беккожин жолдас Аманкелді атындағы колхозға келді. Ол мұнда небары екі-ақ сағат бөгелді, партия жыйналысы қаулысының жобасын жазудың үлгісін көрсетті де, ауданға кетіп отырды. Осы сыяқты аудандық партия комитеті аудандық Совет атқомінің басшы қызметкері Сукров жолдасты және өзінің екі қызметкерін Ильич атындағы МТС-ке жіберді. Олар МТС-те болып, бастауыш партия

Қырман басындағы үгіт

Бүкіл совет халқы сыяқты Мәмлют совхозының коллективі ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларын және Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзін зор қуанышпен қарсы алды. Көзір совхоз коллективінің творчестволық еңбегі егінді ысырапсыз жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау жұмыстарын үлгілі өткізу мақсатына арналып отыр. Бұл күндері партия ұйымы үгіт- бұқаралық жұмыстың орталығын тікелей егіс даласына, астық қырмандары мен комбайн агрегаттарына көшірді. Онда бүкіл саяси жұмысты бригадалардың алдында тұрған нақтылы міндеттермен байланыстыра жүргізу үшін көптеген үгітшілер жұмыс істеп жүр.

Партия бюросы маған № 1 ферманың астық қырманындағы совхоз жұмысшыларының арасында саяси жұмыс жүргізуді тапсырды. Бұл тапсырманы егін жыйнау науқанының алғашқы күндерінен бастап атқарып келемін. Саяси үгіттің көптеген түрлерінің ішінде әңгіме маңызды орын алады. Ол тыңдаушылардың талаптарын жете біліп, олардың тілегін толық қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Саяси және басқа тақырыптарда өткізілген әңгімелер тыңдаушылардың саналылығын арттырып, оларды коммунистік рухта тәрбиелеуге тиіс. Сондықтан үгітші әңгімеге тыңғылықты өзірленіп, оны идеялық жоғарғы дәрежеде өткізуі керек. Бұл жөнінде өзімнің кейбір тәжрибелерімді ортаға салуды орынды деп санаймын.

Мен кезекті әңгімеге өзірленгенімде еңалдымен материалды тақырыптың мазмұнына, оның мақсатына қарай іріктеп аламын. Жергілікті жердің фактілерін пайдаланамын. Осылай қажетті материалдарды тауып алғаннан кейін әңгіменің жоспарын жасап, конспекті жазуға кірісемін. Әңгімені тыңдаушылардың құрамына қарай құрамын. Тек осыдан кейін ғана тыңдаушылармен кезекті әңгімені бастаймын. Әңгіменің мазмұнын тыңдаушыларға жеңіл түсінікті тілмен айтамын. Тыңдаушылардың толық назарын аудару үшін олардың кейбіріне сұрақ қойып әңгімеге белсене қатысын ұйымдастырамын. Әңгімені осылай ұйымдастыру өзінің тиісті нәтижелерін беруде.

Егін жыйнау науқаны басталғаннан бері астық қырманындағы жұмысшылар арасында 12 рет әңгіме өткіздім. Ол әңгімелердің тақырыптары СОКП-нің 50 жылдығы, Кореядағы келіссөз, ақмолдықтардың үндеуі туралы. Көзір совхоз егіншілеріне ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары мен Г. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзін түсіндірудемін. Қай тақырыпта өткізілген әңгіме болсын оны коллективтің алдында тұрған нақтылы міндеттермен тығыз ұштастыруды негізгі мақсат етіп қоямын.

Менің жұмысыма партия ұйымы зор көмек көрсетіп отырады. Партия бюросының секретары Чешков жолдас немесе басқа коммунистер менің әңгімеме тікелей қатысып, оны мазмұнды ұйымдастыру жө-



Қала сыртында орналасқан жидек-жеміс питомнигінде көптеген жеміс ағаштары бар. Үстіміздегі жылы питомник жұмысшылары алма мен қара өрі тен мол өнім жыйнауда. 1951 жылы отырғызылған қара өрік ағашы быйыл дың өзінде өнімді өте көп берді.

СУРЕТТЕ: (Сол жақта) агроном **В. Хомко**, бригадир **М. Нетесева** және жұмысшы **Н. Никулина** жолдастар қара өріктің өнімін байқап тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Жасөспірімдердің лайықты көмегі

(Тілші хаттарына шолу)

Облыс мектептерінде жаңа оқу жылы басталды. Жаз бойы демалып, тыныққан мектеп оқушылары жаңа күш, жаңа жігермен өздерінің мектеп — анасына қайтып оралды. Олар жазғы демалысты өте көңілді өткізіп қайтты. Пионер лагерьлеріне барды, елке тану саяхаттарына қатысты.

Оқушылардың басым көпшілігі жазғы демалыстарын өздерінің туған ауыл- селоларында өткізді. Олар жақсы дем алумен бірге шөп шабу, егін жыйнау сыяқты маусымды науқандар кезінде колхоз шаруашылығының түрлі салаларына белсене араласып, қолқабыстарын тигізді. Колхоздардың алдына қойылған міндеттерді орындау ісіне қызу атсалысып, тиісті үлестерін қосты. Оқудағы озаттылық пен тәртіптілікті колхоз шаруашылығында да көрсетіп, мектеп оқушысы деген ардақты атты аброймен ақтай білді. Сол үшін олар колхоз баскармалары мен колхозшылардың құрметі мен қошеметіне бөленіп, алғыс алды.

Облыс колхоздарынан мектеп оқушыларының туған ауыл- селоларында жазғы демалысты қалай өткізіп жатқандықтары туралы көптеген хаттар күн сайын редакцияға түсіп тұрды. Жергілікті тілшілер өздерінің жіберген хаттарында оқушылардың колхоз шаруашылығына тигізген қолқабыстары мен қажырлы еңбектерін сүйсіне сөз етумен бірге, сол хаттарға газет бетінен орын берілуін сұрайды.

Преснов ауданының Ақай атындағы колхозында тұратын тілші Б. Дүйсенбеков жолдас өзінің редакцияға жіберген шылар еңбекте үлгі көрсетті. Олардың әрқайсысы жазғы демалыс кезінде 100-ден астам еңбеккүн тапты» деп жазса, Ленин ауданындағы Бірлік жетіжылдық мектебі оқушыларының колхоз шаруашылығына тигізген көмектері туралы осы аудандағы тілші Оспанов былай дейді: «Колхоз қырманында астық тазалап оны мемлекетке жөнелту жұмысында көптеген оқушылар істейді. Олар өздеріне жүктелген тапсырмаларды аброймен орындап отырды. Ахметжанова, Смағұлова, Хамзина сыяқты оқушы қыздар астық тазалауда күнделік норманы біржарым еседен орындап, еңбекте үлгі көрсетуде».

Тілшілер Есенбаев пен Жумин жолдастар Преснов ауданындағы Баян орта мектебі мен Благовещенка мектебінің және Майбалық жетіжылдық мектебі оқушыларының колхозда мал азығын дайындауда қажырлы еңбек еткендігін хабарлады.

Сол сыяқты, тілші Смағұлов осы аудандағы Николаевка орта мектебі оқушыларының қоғамдық малдың қыскы азығынын қажетті қорын жасауда және егін орағы кезінде «Красное знамя» колхозында өткен қажырлы еңбектері туралы жазып отыр.

Совет ауданындағы Аманкелді жетіжылдық мектебі оқушыларының оқу жылы басталғанша колхоз шаруашылығына көрсеткен күрделі көмектері Мұқышев жолдастың редакцияға жазған хатынан айқын көрінеді.

Редакцияға түсіп жатқан мұндай хаттар саны өте көп. Олардың қайсысын алып қарасақ та, мектеп оқушыларының сүйсінтірерлік игілікті еңбектері баяны-

КОРЕЙ ХАЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКМЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ МОСКВАҒА ЖҮРІП КЕТТІ

ПХЕНЬЯН, 1 сентябрь. (СОТА) КХДР Министрлер Кабинетінің Председателі Ким Ир Сен бастаған Корей Халық -Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясы бүгін Пхеньяннан Москваға жүріп кетті.

Делегацияның құрамында КХДР Министрлер Кабинеті Председателінің орынбасары Тэн Ир Лен, Сыртқы істер министрі Нам Ир, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі Тен Дюн Тхяк, Кореяның Еңбек партиясының Орталық Комитеті Председателінің Орынбасары Пак Ден Ай, темір жол министрі Ким Хэ Иль бар.

ХАУІПСІЗДІК СОВЕТІНДЕ

НЬЮ- ЙОРК, 2 сентябрь. (СОТА). Хауіпсіздік Советі өзінің кешегі мәжілісінде Мароккадағы жағдай туралы мәселені Советтің өзінің күн тәртібіне енгізіп, қарауын өтінген 15 мемлекеттің өтінішін онан әрі талқылады.

Мәжілісте сөз сөйлеген Ливан мен Пакистанның делегаттары Мароккадағы жағдай туралы мәселені Советте қарауға бөгет жасап отырған Құрама Штаттардың, Англияның және Францияның позициясын сынады.

Пакистан өкілінің көрсеткеніндей, американ делегациясының 15 елдің өтінішін Советтің күн тәртібіне енгізуден бас тартуы Құрама Штаттардың, Францияның Мароккадағы отарлық үстемдігін қолдайтынын, сондықтан Марокка мәселесінің қаралуына жол бергісі келмейтінін дәлелдейді. Құрама Штаттардың өкілі Лоджің мәлімдемесі, деді ол, Құрама Штаттардың Марокка халқының тәуелсіздік жолындағы күресін елемейтінін көрсетеді.

Пакистанның өкілі Совет делегациясының Марокко мәселесі жөніндегі мәлімдемесін және позициясын қостап мұнымен бірге, Хауіпсіздік Советіндегі ұлы мемлекеттер қатарында тек Совет Одағы ғана 15 мемлекеттің өтінішін қолдап, Марокканың ұлттық мүдделерін қорғағанын атап көрсетті.

Хауіпсіздік Советі 2 сентябрьде 15 елдің өтінішін онан әрі талқылауда.

БҰҰ-ның АЗИЯ ЖӘНЕ ҚЫЙЫР ШЫҒЫС ЖӨНІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОМИССИЯСЫНДА

БАНГКОК, 2 сентябрь. (СОТА). 31 августа Бангкокте БҰҰ-ның Азия және Қыйыр шығыс жөніндегі экономикалық комиссиясының шойын және болат көмекші комитетінің сессиясы ашылды. Сессияға 20 елдің өкілдері келді. Совет Одағының Бангкоктегі сауда кеңесшісі Козлов сессияға ССРО-ның байқаушысы ретінде қатысады.

Таиландтың өнеркәсіп министрі Вечаян Райгсарит сессияны ашардағы сөзінде өз елінің металлургия өнеркәсібі әлі де дамудың бастапқы сатысында екенін, сондықтан Таиландтың үкметі басқа елдердегі металлургия өнеркәсібінің өркендеуімен танысуға өте мүдделі екенін айтты.

БҰҰ Азия және Қыйыр шығыс ж

тың барысына қорытынды жасалмайды, оның нәтижесі өндіріс жыйналыстарында талқыланбайды. Партия ұйымы өзінің жыйналысында колхозшылар арасында социалистік жарысты кеңінен өрістету туралы мәселе қарап, қаулы қабылдаған. Алайда, қаулының орындалуы ұйымдастырылмады.

Бірлік ауылдық Советінің жанындағы оқу үйінің меңгерушісі Т. Молдахметов шөп шабу науқаны, сондай-ақ, егін оғаты басталғалы «Еңбек» колхозында бірде-бір рет болған емес. Ауылдық Советтің председателі К. Қымыранова жолдас Молдахметовтың өз міндетіне немкетті қарайтынын біле тұра, оған ешқандай шара қолданбай отыр.

Сталин атындағы колхоз бен Ильич атындағы МТС-те де үгіт-бұқаралық жұмыс өз дәрежесінде емес. Ильич атындағы МТС-тің бастауыш партия ұйымы секретарь жұмысы жақсартудың жолын көрсетер деп үміттенген едік. Бірақ, бұл үміт ақталмады. Бұл жолдастар 29 август күні болатын аудандық партия комитетінің пленумына материал жыйнастырып, күні бұрын әзірленген 30-ға жуық сұраққа жауап іздестірумен болды.

ҚКП аудандық комитеті мен бастауыш партия ұйымдары СОКП XIX съезінің тарихи қарарларын басшылыққа ала отырып, аудан еңбекшілері арасындағы саяси тәрбиә жұмысын мейлінше жақсартулары керек. Егіншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысты жақсартып, егін оғаны мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын үлгілі өткізуге колхозшылар бұқарасын жұмылдыру — партия ұйымдарының бүгін тандағы айбынды міндеті.

ЯВЛЕНКА.

М. НҰРПЕЙІСОВ,
(Арнаулы тілшіміз).

нінде кеңес береді. Сонымен қабат, совхоз бойынша 10 күнде бір рет үгітшілердің кеңестері өтеді. Мұнын бәрі саяси үгітті ой дағыдай ұйымдастыруға мүмкіндік беруде.

Қырман басындағы үгіт әңгімемен ғана аяқталмайды. Мұнда лекторлар тобының мүшелері жиі болып, халықаралық жағдай, советтік агробиология тұлымдарының табыстары жөнінде лекциялар оқыйды. Социалистік жарыстың нәтижелері өндірістік кеңестерде талқыланып, керестікіш тақталарына жазылады.

Саяси үгіттің ойдағыдай ұйымдастырылуының нәтижесінде астық қырманында жұмыс істеуші адамдар социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін мүлтіксіз орындап, мемлекет қамбасына күн сайын мыңдаған пұт астық жөнелтуде.

И. МОНАХОВ.
Мамлют совхозының үгітшісі.

Советтік сауданы тұтынушылардың өскелең талабына сай ұйымдастырайық

(Петропавл қалалық Советінің VI сессиясынан)

Жақында еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің VI сессиясы болып өтті. Сессия қалалық сауда бөлімінің жұмысы туралы бұл бөлімнің меңгерушісі Ганущенко жолдастың баяндамасын тыңдап, талқылады.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің зор қамқорлығының нәтижесінде қалада советтік сауда жұмысы жылма-жыл жақсарып, қала еңбекшілеріне өнеркәсіп және азық-түлік товарлары көптеп сатылуда. Осы жылдың өткен 7 айында 1952 жылдың осы мерзімдегіден мемлекеттік және кооперативтік сауданың товар айналымы үшжарым миллион сомнан астам, ал, көпшілікті тамақтандыру орындарында 4 миллион сомнан астам өсті. Былыл 1952 жылға қарағанда, еңбекшілерге ет—21,5, қант—48,4, балық және балық товарлары —17,1, кондитер және бакалея товарлары—108,3, аяқкиім — 63,3 процент артық сатылды. Осы сыяқты, кітап саудасы анағұрлым жақсарды. Мұның бәрі қала еңбекшілерінің әл-ауқат, мәдени-тұрмыс дәрежесінің үнемі артып отырғанын дәлелдейді.

Алайда, қаланың сауда орындары әлде тұтынушылардың өскелең талаптарына сай жұмыс істей алмай келеді. Товар айналымының жартыжылдық жоспары қалалық сауда мекемелері бойынша 93,2, кәсіпшілік артельдері бойынша небары 70-ақ процент орындалды. Сауда қызметкерлерінің арасында мінсіз сапалы жұмыс істеу жөніндегі социалистік жарыс кеңінен өрістетілмей отыр. Сауда орындарының басты қызметкерлері дүкендерде, сондай-ақ, асханаларда ең қажетті өнеркәсіп және азық-түлік товарларының үнемі болуына жетісе алмай келеді. Жергілікті кәсіпшілік артельдері өндіретін өнеркәсіп және азық-түлік товарларының сапасы тұтынушыларды қанағаттандырмайды. Баяндама бойынша жарыссөзге шығып сөз сөйлеуші депутаттар қаладағы сауда жұмысында орын алған осындай кемшіліктердің бетін ашып, ол кемшіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Дегтяренко жолдас өзінің сөзін мектеп оқушыларын киім-кешек және оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесіне арнады. Мектептерде оқу-тәрбие жұмысын ойдағыдай ұйымдастыруға, деді шешен, сауда орындары елеулі көмек көрсете алады. Өткен жылы бірқатар оқушылар дүкендерден аяқкиім сатып ала алмау себепті олар сабаққа үнемі қатыса алмады. Бірақ, сауда орындары бұл кемшіліктен тиісті қорытынды жасаған жоқ. Кәзір қаланың дүкендерінен мектеп оқушыларына арналған киім-кешектерді керегінше тауып алу қыйын.

Киров атындағы заводтың слесарі, депутат Григорьев жолдас нан комбинаты мен Панфилов атындағы кәсіпшілік артелінің жұмыстарын сынап, олардың шығаратын өнімдерінің көпшілігі сапасыз болатындығын айтты.

—Көпшілік тұтынатын заттар шығаратын кәсіпорындар, —деді ол, — тұтынушыларға жақсы өңделген, жоғарғы сапалы өнімдер беруге міндетті. Алайда, нан комбинаты, оның директоры Евраев жолдас нанның кейде шикі болуына жол береді. Панфилов атындағы артель шығаратын аяқкиімдерінің сапалылығын төзімділігіне, әдемілігіне қарай емес, тек оларға соғылған таңбаларға қарай айыруға болады. Артельдің өнімдері кейде бірден саудагерлердің қолына түседі.

Мемлекеттік сауда инспекторы Мищенко жолдас бірқатар жерде сауда тәртібін бұрмалау фактілері бар екенін айтып, бұл жөнінде нақтылы мысалдар келтірді. Август айында тексерілген 13 дүкеннің көпшілігінде товарлардың бағалары артық қойылып сатылғаны антықталды. Мәселен, № 1 дүкенде ерлер көйлегі 43 сомның орнына, 49 сомнан сатылған. Мұның өзі қалалық сауда бөлімінің және кәсіподақ ұйымдарының сауда қызметкерлерінің жұмысына бақылауды қанағаттанғысыз жүргізетіндігін көрсетеді. Ганущенко жолдас өзінің баяндамасында мұндай фактілерді бүркемелеуге тырысты.

—Егер, —деді Мищенко жолдас, —қалалық Советтің атқару комитеті сауда жұмысының жайымен үнемі шұғылданып отырса, істегі кемшіліктеріміз алағұрлым кем болар еді. Қалалық Советтің атқомі өзінің мәжілісінде сауда бөлімінің меңгерушісі Ганущенко, қалалық сауда мекемесінің директоры Шеголев жолдастардың баяндамаларын тыңдаумен ғана қанағаттанып келеді. Ол сауда жұмысының жайымен жете танысып, оны жақсарту ісіне депутаттарды көптеп қатыстыра алмай келеді. Міне, сондықтан да қалалық Советтің атқомі сауда жұмысының жайын кейбір мәліметтер мен ақиқатқа бойынша ғана біледі.

Қалалық прокурор депутат К. Пак жолдас сауда орындарында социалистік меншікті талан-таражға салушыларға қарсы күресті күшейтудің қажеттігіне тоқталды. Ол сауда орындарында кадрларды іріктеп алу және орналастыру принципінің қатаң сақталмайтынын, осының салдарынан мұнда кездейсоқ адамдардың жұмыс істеуіне жол берілетінін айтты. Қалалық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары Коваленко жолдас темір жол торабындағы жұмысшыларды жабдықтау бөліміне Савникова деген ді білместен қызметке ұсынды. Оның ұсынған адамы бөлімшеде көп тұрақтамай, мыңдаған сом мемлекет ақшасын ұрлап, қашып кеткен.

Сессия қалада сауда жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

хаттарында оқушылардың шөп шабу, егін ору науқандарын колхоздың абройымен өткізуі үшін қызу атсалысып, колдарынан келгенше көмектесін жүргендіктері туралы жазды.

Ол өзінің бір хатында: «Колхоз шаруашылығының түрлі салаларында 30-дан астам оқушы жұмыс істеп жүр. Обенов, Асылбеков, Қалиев сыяқты көптеген оқу-

Жазғы демалыстан кейін

Быйылғы жазғы демалысты облысымыздың пионерлері мен оқушылары өте қызықты өткізді. Қаладан тысқарғы жерлерде барлығы 26 пионер лагерьлері, бастауыш кластардың оқушылары үшін 9 демалыс үйі жұмыс істеді. Бұларда 4277 бала демалды. 194 оқушы қалалық пионер лагерінде болды. Демалушылар лагерьде болған кездерінде саяхаттарға барып, лагерь маңындағы табиғат байлықтарымен танысты, гербариилер жыйнады. Лагерьде олар түрлі спорт ойындарымен шұғылданып, жақсы демалды.

Мұнымен бірге, облыс аудандарының мектептері жанынан ұйымдастырылған сауықтандыру алаңдарында 425 оқушы тынықты.

Аудан мектептерінің оқушыларынан 600 оқушы қалаға келіп, өнеркәсіп орындарында, музейде экскурсияда болды. Совет ауданының оқушылары Бурабайда, Полудень ауданының оқушылары Омскіде болып қайтты.

Булаев ауданындағы Медвежка жетіжылдық мектебінің оқушысы Галина Коробкова, Полудень орта мектебінің 4 класс оқушысы Анотолий Дурин Симферопольден 70 километр жерге орналасқан Бүкілодақтық Артек санаториінде 45 күн демалды.

Жазғы демалыс көңілді өтті. Сөйтіп оқушылар жаңа күш, жаңа жігермен оқуға кірісті.

М. МӘЛІКОВ.

Колхоздағы құрылыстар

Преснов ауданының колхоздарында жаңа құрылыс саны жыл санап көбейе түсуде.

Сталин атындағы колхозда быйылғы жылы 500 ірі қара малға арнап 3 жылы қора салынды. Кәзір 2 қой қора, төл үйі салынып жатыр.

Сол сыяқты, колхоз клубы жанынан оқу үйі үшін қосымша бөлме салынды. Кәзір сүт қабылдайтын және мал күзетуші кезекшілер үшін жаңа үйлер салынып жатыр.

Аманкелді атындағы колхозда да әр қайсысы 100 бас мал сыятындай сыйыр қорасы мен төл үйі салынуда. Мұнда жаңа мойша салынды, 2 жаңа құдық қазылып, 4 құдық жөнделді және пайдалануға берілді. Кәзір колхоз басқармасының кеңсесін салу жұмысы қолға алынды.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Полудень ауданындағы жайбарақаттық“

«Ленин туы» газетінің 1953 жылғы 14 августағы санында осы тақырыппен жарияланған мақалада көрсетілгендей, Полудень ауданы колхоздары мен МТС-терінің егін жыйнауға әзірліксіз кіріскендігі сыяқты кемшіліктердің болғандығы рас.

Аудандық партия комитеті колхоздар мен совхоздардағы істің жайын тексеріп, өзінің бюро мәжілісінде аудан колхоздары мен МТС-терінің егін жыйнауға әзірліксіз кіріскендігі туралы мәселе қарады. Бюро мәжілісі егін жыйнау және астық тапсыруда жол беріліп отырған кемшіліктердің бетін ашып, бұл кемшіліктерді жоюдың, агрегаттарды техникалық жағынан қамтудың және егін жыйнау мен астық дайындау қарқынын күшейтудің нақтылы шараларын белгіледі.

Комбайн агрегатының жұмысындағы кемшіліктерді жоюға көмектесу үшін «Путь Ильича» колхозына Полудень МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары жіберілді.

Мұқият тексеріс жүргізілгеннен кейін аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі «Красная звезда» колхозының председателі Еременко жолдастың егін жыйнау мен астық дайындаудың барысы жөнінде баяндамасын тыңдап, егін жыйнау және астық дайындауды тез аяқтау жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.

28 августа егін жыйнау және астық дайындау қарқынын күшейту мәселесі бойынша арнаулы кеңес өткізіліп, оған барлық колхоз председательдері, МТС, совхоз директорлары, бастауыш партия ұйымдарының секретарлары мен МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары қатыстырылды.

М. КАМАЛЕТДИНОВ,
ҚКП Полудень аудандық комитетінің секретары.

ніндегі экономикалық комиссиясының әкімшілік секретары доктор Локанатхан, дүние жүзіндегі халықтардың жартысынан көбі осы ауданда бола тұрса да, Азияда шойын мен болаттың өндірісі дүниежүзілік өндірістен небәрі 3 процент орын алатынын көрсетті. Бұдан кейін ол Азия халықтарының тұрмыс жайын жақсарту және бұл ауданның экономикасын өркендету үшін Азияда шойын мен болат өндірісінің және оларды тұтынудың дәрежесін арттыру керек екенін айтты.

БОНН БУНДЕСТАГІ ДЕПУТАТЫНЫҢ ГЕРМАНИЯНЫ ҚАЙТА ҚОСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕРЛИН, 2 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігінің Регенсбургтен берген хабарына қарағанда, бундестагтың депутаты Ганс Боденштейнер Аденауэр саясатын сынай келіп, «Жалпыгерманиялық халық партиясының» Регенсбургтегі сайлау алдындағы жыйналысында былай деп мәлімдеген:

«Біріккен Германияны Американың жоғары үкмет билігіне бағындыруға бағытталған саясат қайта қосылуды мүмкін етпейді. Батыс Германияны Атлантикалық блокке қосу жайындағы өзінің талабымен ол герман проблемасын бейбітшілікпен шешуге кедергі жасамақшы. Аденауэр жүргізіп отырған саясат сөзсіз дүниежүзілік үшінші соғысқа апарын соқтыруға тиіс. Германия ендігі жерде Американ тірегі болмайтын күнде ғана Европаны тыныштандыруға және герман проблемасы туралы Шығыспен келісімге келуге болады. Дүниежүзілік соңғы соғыста орасан зор зыян шеккен Совет Одағы Германияны ремилитарландыруға жол беруге әзір деп, ешкім де шынымен ойлай алмайды».

ИРАК ҮКМЕТІНІҢ ОРНЫНАН ТҮСУІ

БЕЙРУТ, 1 сентябрь. (СОТА). Бейрут радиосының хабарына қарағанда, кеше Ирактың премьер -министрі Джамиль Мадфаи Ирактың королі Фейсалға орнынан түскендігі туралы мәлімдеме тапсырған, оны король қабыл алған. Фейсал жаңа үкмет құру туралы мәселе бойынша кеңес жүргізе бастаған.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«БАТЫЛДАР АЛАҢЫ»
Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДАҢҚ ҮНІ»
Сеанс сағат 4-те басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02002. **Қазақ ССР, Мәдениет министрлігінің полиграфия өнеркәсібі мен баспа Бас Басқармасының № 18 мемлекеттік баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.**